

ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМДЕ ЖЕР АУМАҒЫ БОЙЫНША 9-ОРЫН АЛАДЫ. ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ ОРНАЛАСҚАН ЕЛІМІЗ ҚЫТАЙ ЖӘНЕ РЕСЕЙ СЕКІЛДІ АЛПАУЫТ ЕЛДЕРМЕН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІМЕН ШЕКТЕСЕДІ. ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІЛЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ТОП-20 ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНА ЕНЕДІ, БҮГІНГІ ТАҢДА БІЗ ҚАЗАҚСТАНДА ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП ОТЫРҒАН НЕГІЗГІ ОПЕРАТОРМЫЗ. ҚТЖ ЖҮЙЕ ҚҰРАУШЫ КӨЛІК КОМПАНИЯСЫ БОЛЫП САНАЛАДЫ. КОМПАНИЯ БИЗНЕС ОРТАНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА САПАЛЫ НЕГІЗ БОЛА ОТЫРЫП, ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Әнуар АХМЕТЖАНОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары



№58 (2988)  
16/07/2024

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ОБЕСПЕЧИМ НАСЕЛЕНИЕ УГЛЕМ

В Карагандинской области обстановка по поставке угля остается стабильной. Этой зимой собственники домов и предприятий региона будут полностью обеспечены твердым топливом. Об этом сообщил начальник станции Майкудук Еркен Садыков.

Светлана МОГАЙ,  
Караганда

– На сегодняшний день на складе имеется около трех тысяч тонн шубаркольского угля. Национальным перевозчиком своевременно осуществляются поставки твердого топлива на станцию Майкудук, здесь же подаются два маневровых тепловоза с целью обслуживания и уборки вагонов. На территории станции по-прежнему находятся два предприятия – ИП «Крылов» и ТОО «Трейд». Оба поставщика зарекомендовали себя с положительной стороны, – рассказал Еркен Садыков. Также он предупредил жителей области запастись углем заблаговременно, а не ждать наступления холодов.

В настоящее время цены на разные сорта угля за тонну имеют следующие расценки: шубарколь обычный – 13 550 тысяч тенге, шубарколь со-



ртовой – 16 000, шубарколь сортовой (орешек) – 18 000, кузнецкий – 12 500, Майкуба – 12 500, Майкуба сорт (крупный) – 16 000, угольный отсев (шлам) – 3 300.

Согласно опросу населения, 90% семей предпочитает использовать для коммунальных нужд шубаркольский уголь, так как он относится к экологически чистым энергоносителям, что сегодня весьма актуально. При этом не загрязняется атмосфера и не выделяются парниковые газы.

Стоит отметить, что Шубаркольский угольный разрез был основан в 1985 году и дислоцируется в Караганде. Предприятие производит 11,4 миллиона тонн угля в год, при этом им покрывается 25% топливной потребности Казахстана.

Для удобства населения созданы топливные

базы в населенных пунктах Карагандинской области: в Ульгауской области – город Жезказган и поселок Жанаарка, в Карагандинской области – поселок Осакаровка.

Для жителей поселков Нуринского района Карагандинской области, которые находятся в отдаленности от железнодорожных станций (Баршино, Бестамак, Жанбобек, Каракаска, Куланотпес, Талдысай, Ткенекты, Соналы и Ныгман), открыты дополнительные топливные базы на максимально близком расстоянии к их населенным пунктам. Всего в Караганде функционируют 20 точек, реализующих уголь населению, а в регионе насчитывается около 50 операторов.

Фото автора

## 125 МЫН ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАМАҚ



Жаз маусымының басталуымен Бурабай курортына пойызбен қатынайтындар саны күрт өскен. Турристер үшін де танымалдығы арта түскен. Тек маусым айында курортты аймаққа Ұлттық тасымалдаушының электр пойыздарымен 49 мыңнан астам жолаушы тасымалданған.

Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 30%-ға жоғары, өткен жылы бұл бағытта теміржол қызметін шамамен 34 мың жолаушы пайдаланған болатын.

Жолаушылардың ыңғайлылығы үшін биыл Ұлттық тасымалдаушы «Қарағанды-Астана-Бурабай курорты» бағыты бойынша жоғары жылдамдықты № 6811/6812 электр пойызының жүру уақытын 2,5 сағатқа дейін қысқартты. Электр пойызы аптасына бес рет: дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі және жексенбі күндері жүреді.

Сонымен қатар жазғы кезеңде № 7509/7510 «Павлодар-Астана» жоғары жылдамдықты электр пойызының бағыты Көкшетау мен Бурабай курортына дейін ұзартылды. Пойыз аптасына екі рет: жұма және жексенбі күндері жүреді. Міне, осындай шаралар Бурабай курортына қатынайтын жолаушылар ағымының күрт артуына ықпал етті.

Сондай-ақ Бурабайға күнделікті № 6829/6830 «Астана-Көкшетау» жүреді. Одан бөлек Астана-1 станциясынан № 7553/7556, № 6811/6812 «Қарағанды-Астана-Бурабай курорты» пойыздары және Нұрлы жол вокзалынан № 7507/7508 «Астана-Көкшетау» пойызы қатынайды.

Электр пойыздарының билет құны жолаушыларға қолжетімді: 2 271 теңгеден 2 943 теңге аралығын құрайды. Билеттерді [bilet.railways.kz](http://bilet.railways.kz) сайтынан және теміржол вокзалдарындағы «Жолаушылар тасымалы» АҚ кассаларынан 10 күн ішінде сатып алуға болады.

Биыл Бурабайға теміржол көлігімен 125 мың жолаушы тасымалдау жоспарлануда.

Нұрай СӘРСЕНАЛИ

## Кеңес

### ЗАҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

«Қазтеміртранс» АҚ құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Әділжан Алмусиннің төрағалығымен Ақмола, Алматы, Семей және Павлодар филиалдарының құқықтық қамтамасыз ету және заң қызметтері департаментінің басшылары мен қызметкерлерінің қатысуымен кеңес өтті.

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Жиында 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы филиалдардың заң қызметінің қорытындылары туралы есеп тыңдалды. Кеңеске қатысушылар құқық қолдану практикасындағы олқылықтарды сөз етіп, оларды тиімді шешу жолдарын талқылады. Тыңдау қорытындысы бойынша басқарушы директор Әділжан Алмусин компанияның заң қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар тапсырмалар берді. Қорытындылай келе, құқықтық қамтамасыз ету департаменті топтарының өкілдері кеңеске қатысушыларды «ҚТЖ» ҰК» АҚ жалғыз акционерімен өзара іс-қимыл жөніндегі, сондай-ақ наразылық және келісімшарттық жұмыс, сенімхаттар дайындау және беру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша корпоративтік рәсімдердегі өзгерістермен таныстырды, сондай-ақ филиал қызметкерлеріне



атқарылған жұмысы және жоғары кәсібилігі үшін алғыс білдірді.

Талқылау нәтижелері бойынша барлық деңгейдегі заң қызметтерінің қызметкерлері арасындағы тиімді коммуникация атап өтілді, сондай-ақ алдағы кәсіби мереке – Көлік қызметкерлері күніне орай бірқатар филиалдардың заң қызметтерінің қызметкерлері: Ақмола филиалынан – М.Ермеқызы, Ж.Қонысбаев, Алматы

филиалынан – А.Нұрғожаева, О.Рысқұлбек, С.Пралиева, Семей филиалынан – Г.Қожекенов және Павлодар филиалынан Қ.Нұрбай, сондай-ақ құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры Р.Абдуллин «Қазтеміртранс» АҚ құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Ә.Алмусиннің алғысы мен атаулы грамотасымен марапатталды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## СООБЩА НАРАСТИТЬ НЕСЫРЬЕВОЙ ЭКСПОРТ

В Астане состоялось расширенное заседание оперативного штаба по вопросам развития несырьевого экспорта, прошедшее в формате диалога B2G, где большое внимание было уделено задачам по ускорению прохождения товаров на казахстанско-китайской границе.

Асель ШАЙХЫНОВА,  
Астана

Площадка собрала представителей более 10 бизнес-ассоциаций, 20 государственных органов и национальных институтов развития, а также около 150 экспортеров. Участники оперативного штаба обсудили в том числе транспортно-логистические вопросы, необходимость согласования объемов плановых отгрузок, формирование предварительных планов. По словам министра торговли Армана Шақкалиева, по итогам двусторонней встречи с министром коммерции КНР Ван Вэньтао достигнута договоренность о создании рабочей группы по ускоренному прохождению товаров на казахстанско-китайской границе. В этой группе примут участие транспортные, таможенные и пограничные ведомства Казахстана и Китая. Первое заседание рабочей группы планируется про-

вести уже в конце августа в городе Урумчи.

Во время встречи отмечено, что правительством страны поставлена задача ежегодного увеличения объемов несырьевого экспорта. К 2029 году этот показатель должен достичь 45 миллиардов долларов.

– Мы проанализировали стратегически важный импорт, от которого зависят наши торговые партнеры, и выявили товарные позиции, по которым Казахстан может нарастить производство и реализовать экспортный потенциал. Только по КНР это 50 товаров, которые ежегодно Китай импортирует на сумму более 700 миллиардов долларов. Если мы сможем занять 7-10% этого объема, то это будет порядка 70 миллиардов долларов. Более того, в рамках визита Председателя КНР Си Цзиньпина китайская сторона озвучила готовность удвоить объем товарооборота до 80 миллиардов долларов, доведя взаимную торговлю до новых высот, – отметил спикер.

## ЖЕНСКИХ ВАГОНОВ СТАНОВИТСЯ БОЛЬШЕ



Национальный перевозчик запустил женские вагоны еще на трех популярных маршрутах Астана – Семей, Ақтобе – Алматы, Алматы – Шымкент.

На сегодняшний день поездка с женскими вагонами курсируют по восьми маршрутам, теперь их число увеличено до 11, что подтверждает растущий спрос и важность услуги для пассажиров.

Напомним, генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Жанибек Тайжанов на брифинге о деятельности компании и организации летних перевозок на 2024 год рассказал, что компания провела социальный опрос по дальнейшему развитию проекта «Женский вагон». В нем участвовали более 600 респондентов. В итоге наперезвожчик принял решение запустить женские вагоны еще на трех маршрутах.

Первые женские вагоны были внедрены в 2021 году с целью повышения комфорта женщин во время путешествий. Стоимость билетов на поездку в таких вагонах не отличается от обычной, что делает услугу доступной для всех. Однако в женские вагоны билеты продаются исключительно женщинам, с ними могут путешествовать мальчики в возрасте до семи лет. Проводниками в таких вагонах работают только женщины.

С момента запуска услуги билеты в женские вагоны приобрели порядка 342 тысяч женщин.

Билеты на новые маршруты женских вагонов можно приобрести на сайте [bilet.railways.kz](http://bilet.railways.kz) и в кассах АО «Пассажирские перевозки» на железнодорожных вокзалах. При отсутствии билетов пассажиры могут воспользоваться бесплатной услугой «Лист ожидания».

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

НА ПРОТЯЖЕНИИ БОЛЕЕ 20 ЛЕТ КОМПАНИЯ WABTEC ИГРАЛА ОДНУ ИЗ КЛЮЧЕВЫХ РОЛЕЙ В ПРЕОБРАЗОВАНИИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ОТРАСЛИ КАЗАХСТАНА. НОВЫЙ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ И ИНЖЕНЕРНЫЙ ЦЕНТР ДЕМОНСТРИРУЕТ НАШУ НЕИЗМЕННУЮ ПРИВЕРЖЕННОСТЬ КАЗАХСТАНУ И РОСТУ НОВЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ, КОТОРЫЕ ЕСТЬ ВО ВСЕМ РЕГИОНЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ. ЦЕНТР БУДЕТ ИГРАТЬ КЛЮЧЕВУЮ РОЛЬ В ИНТЕГРАЦИИ ЛОКОМОТИВОВ С ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫМИ ЦИФРОВЫМИ ТЕХНОЛОГИЯМИ, РАЗРАБОТКА СПЕЦИАЛИСТАМИ КОМПАНИИ WABTEC

## САНДАР СӨЙЛЕДІ:

АЛФАШҚЫ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА ҚҰРЫҚ ПОРТЫНАН

1 МЛН ТОННА

АСТАМ ЖҮК ТҮСІРІЛІП, ТИЕЛДІ.

БИЫЛҒЫ АЛТЫ АЙДА ҚТЖ БОЙЫНША

122 МЛН ТОННА

АСТАМ ЖҮК ТАСЫМАЛДАНДЫ.

ЖАРТЫ ЖЫЛДА ТЕМІРЖОЛ АРҚЫЛЫ

41 МЛН ТОННА

ЖҮК ЭКСПОРТТАЛДЫ.



## АРНАЙЫ КУПЕГЕ СҰРАНЫС АРТУДА

Ұлан ОРАЗ,  
Астана



ҚТЖ желісінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған купеге 111 мың адам билет сатып алған. Биыл 5 мыңға артқан. Демек, арнайы купеге сұраныс артуда деген сөз. Мүгедектігі бар азаматтарға арналған мамандандырылған вагондардың құрылымы көтергіш құрылыстарды, ыңғайлы тамбур аймақтарын және жолаушының мүгедек арбасымен қозғалуына мүмкіндік беретін дәліздерді қамтиды. Купеде жолаушыға және оны ертіп жүрген адамға арналған арнайы бекітпелер бар. Сондай-ақ арнайы дәретхана бөлмесінде жолаушының ыңғайлылығы үшін тұтқалар мен төмен орналасқан қол жуғыш қарастырылған.

Айтып кетейік, әлеуметтік маңызы бар маршруттар мен коммерциялық пойыздарда және мүгедектігі бар жолаушыларға арналған мамандандырылған купесі бар «Тальго» пойыздарында барлық топтағы мүгедектер мен оларды ертіп жүрген адамдарға 50% жеңілдік қарастырылған. Оларға билет онлайн сатып алу жолдары да жеңілдетілді. Жеңілдік билеттерін алу үшін ЖСН мен мүгедектік туралы анықтаманың нөмірін онлайн енгізу жеткілікті.

## ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,  
Алматы



«ҚТЖ-ЖТ» ЖШС Алматы ЖТ бөлімшесі цистернадан тұз қышқылының төгілуіне байланысты шартты апатты өз күшімен жоюға тырысты.

Бұл маңызды міндеттің орындалуын Мемлекеттік құзет қызметінің қатысуымен Астанадан келген ТЖМ Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетінің, Көлік министрлігінің «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлері құрамындағы арнайы топ бағалады. Қышқылдың төгілуінің максималды шынайылығы үшін су толтырылған тесік цистерна қолданылды. Тұз қышқылының әрбір тамшысы – үлкен қауіп, сондықтан оқу-жаттығудың барлық қатысушыларының жабықталуына басты назар аударылды, – дейді оқу-жаттығу жетекшісі полковник Қасым Қайрат.

Оқу-жаттығу барысында төгілу орнын бекіту, табандық орнату, төгілу орнын бейтараптандыру, оны үйінділеу, химиялық барлау, су пердесін орнату, құтқарушыларды санитарлық залалсыздандыру бойынша іс-шаралар егжей-тегжейлі пысықталды. Сонымен қатар Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетінің, Қорғаныс министрлігі және ҰҰ әскери бөлімдерінің, Алматы қаласы ТЖД, ПД, Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің, әкімдіктің құтқару қызметінің бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимыл пысықталды.

## ОТАН – ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Шахида ЖҰМАН,  
Маңғыстау



Маңғыстау локомотив депосында машинистердің отбасындағы тірегі анасымен не жұбайымен кездесу өткізу дәстүрге айналған.

Өйткені қозғалыс қауіпсіздігіндегі басты тұлға локомотив бригадаларының өнімді жұмыс істеуіне отбасы жауапкершілігі жоғары. Шаңырақтың сәні мен мәнін келтіретін ақ жаулықтылар түздегі ер азаматтардың алаңсыз еңбек етуіне жағдай жасап отыр. Сондықтан депо басшылығы жыл сайын әйелдері мен аналарын жинап, бұл бағытта пікірлесіп, ой бөлсекенді жөн санайды.

Бұл жолғы кездесуде ақ жаулықтылармен кездескен Маңғыстау локомотив депосының бастығы Ғани Бисембаев пен депо кәсіподағы ұйымының төрағасы Әбісейіт Нәбиханов және заңгер мен кадр бастығы әйелдер қауымының ой-пікірін тыңдап, сұрақтарына жауап берді. Локомотив бригадалары қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда маңызды рөл атқаратындықтан олардың жұмысының жауапкершілігі жоғары екені, сондықтан оларға үйде жақсы демалып тынығуға жағдай жасау, сапарға кеткенде отбасылық дау-дамай, артық мәселелен қоңырау шалып уайымға салып алаңдатудың соңы қайғылы жағдайға ұшыратуы мүмкін екені түрлі мысалдармен жеткізілді.

– Машинистер мен көмекшілерінің сапар алдындағы демалысы өте маңызды. Физикалық және моральдық тұрғыда дұрыс тынығып, жаны тыныш, уайым-қайғысыз жақсы көңіл күйде шықса, жұмысқа қабілеті де жоғары болады. Шаршап-шалдығып, түрлі проблеманың жетегінде жүрген адамда ол керісінше болуы да мүмкін. Осыны отбасы мүшелеріне түсіндіріп, машинистердің сапар алдындағы жақсы тынығуын ұйымдастыру арқылы өздерінің де қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға атсалыса алатынын айттық. Сонымен қатар олардың күрделі отбасылық мәселелері болса бірігіп шешуге атсалысу бағытында ұйымдастырылған бұл жиын нәтижелі болды деп айтар едім, – дейді Маңғыстау локомотив депосы кәсіподақ ұйымының төрағасы Әбісейіт Нәбиханов.

## ТҮРКІСТАН ТУРИСТІК ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛУДА



Бүгінгі таңда Түркістан түркі әлемінің рухани астанасы ретінде туристік орталыққа айналуда. Ал оның өсіп-өркендеп, дами түсуіне жергілікті теміржолшылар елеулі үлес қосуда десек, қателеспейміз.



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,  
Түркістан

Бүгінде станция тәулігіне 15 жүп пойыз қабылдап, осыншама жылжымалы құрамды жөнелтіп отырады. Бұл – жүк және жолаушылар пойызын қоса есептегендегі көрсеткіш. Станция бастығы Қадыр Сырлыбеков бұрын бұл көрсеткіш 10-13 пойыз болғанын айтады.

– Түркістан облыс орталығы атанған соң, мұнда пойыздардың келіп-кетуі жиіледі. Айталық, станциямыздың тәуліктік жолаушы ағыны бұрын – 100-120 адам болса, қазіргі көрсеткіш 350-400-ге дейін көтерілді. Осылайша, Түркістан облыс орталығы ғана емес, түгел түркінің астанасы ретінде туристік орталыққа айналып келеді, – дейді Қадыр Қаңлыбайұлы.

Жалпы, соңғы жылдары Түркістанға қатынайтын жолаушылар пойызының қатынау жиілігі де

артқан. Соның ішінде айрықша атап өтерлігі – елдің солтүстігі мен оңтүстігін жалғайтын «Түркістан–Павлодар» пойызы жолға шыққан. Сондай-ақ аталған станциядан бастау алатын облысаралық «Түркістан–Қызылорда» пойызы мен қаламаңы санатындағы «Түркістан–Сарыағаш» және «Түркістан–Шымкент» пойызынан бөлек, бұл жерде 11 жолаушылар пойызына қызмет көрсетілді.

Учаскелік санаттағы бірінші класты станцияның 16 жолының 10-ы тікелей жөнелту мүмкіндігіне ие болса, қалған 6-уы сұрыптап-жөнелту жолдары.

– Бұдан бөлек, бізде кішігірім сұрыптау дөңесі бар. Ол жерде қазіргі кезде Қызылордаға дейінгі разбездерге жеткізілетін вагондарды сұрыптап, жинақтап жөнелтіп отырамыз. Тімділігі сол, біз жылжымалы құрамдарды соңынан басына қарай, көбе

сөккендей етіп, вагондарды ажыратып алуға өте ыңғайлы етіп құрастырып береміз, – дейді станция бастығы.

Ал енді жүк тасымалының жай-күйіне тоқталсақ. Бұрын тәуліктік орташа көрсеткіш 15-20 вагон болса, соңғы кездері бұл сан 30-35 вагонға жетті. Әсіресе Түркістан халықаралық әуежайы салынып жатқан тұста түркістандық теміржолшылардың жұмысы қауырт болған. Өңірде құрылыс жұмыстары әлі де қарқынды жүріп жатыр. Сондықтан теміржолшылар жұмысы әлі де жеңіл емес. Демек, Түркістанның түрленіп, гүлденіп, өсіп-өркендеуіне теміржолшылар үлкен үлес қосып отыр деуге толық негіз бар.

Тағы бір атап өтетіні, түркістандық теміржолшылар еліміздің батыс аймағын су басқанда арнайы техникаларды тиіп, жөнелтуде әбжіл әрекет етіп, облыс бас-

шылығының алғысына ие болды. – Біздің жігіттер демалысыз екі күн, екі түн аянбай еңбек етті. 27 вагонға 40 техниканы едел-жедел тиіп жібердік. Қауіпсіздік қағидаларын сақтай отырып, оны артып, байлау мен құжатын рәсімдеп, құрастырып, қағида салу бір-екі адамның қолынан келмесі анық. Өзге де мүдделес мекемелермен мәміле жасай отырып әрекет еттік. Сол кездері станцияның 9 жолдан тұратын жаңа парк аумағында 400 дана платформа тұрды. Төтенше жағдай жарияланған сәтте арнайы техникаларды жедел тиеу үшін платформалар жан-жаққа таратылды. Кейін техникалар кері қайтқанда да сол платформаларды қадағалап, қабылдау мен орнына қайта жайғастыру жұмыстарын біздің жігіттер тиянақты орындады, – дейді станция бастығы Қ.Сырлыбеков.

*Суретті түсірген автор*

## МАҚСАТ – ҚАУІП-ҚАТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ – «Жүк тасымалы» ЖШС филиалы «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» еңбек қауіпсіздігі және экология саласындағы жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында арнайы семинар өткізді.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,  
Жамбыл

«Жазатайым оқиғалардың алдын алу және ескерту» тақырыбын қозғаған семинарға еңбек және экологиялық қауіпсіздік мәселелеріне жауапты мамандар мен жетекші инженерлер қатысты.

Семинарда Жамбыл бөлімшесінің бас инженері Дүйсенбек Сыдықов арнайы ұйымдастырылған іс-шараның мақсатына тоқталып, теміржолда туындайтын қауіп-қатерлердің себептері мен салдары туралы ашық талқылауға шақырды.

Сондай-ақ еңбекті қорғау және экология бөлімінің бастығы Медет Қарымбаев, еңбекті қорғау инженері Әділет Түлеков, қоршаған ортаны қорғау инженері Мерей Беделбай еңбек және экологиялық қауіп-қатердің алдын алу бағытында бірінші жартыжылдықта атқарылған жұмыстарға тоқталып, баяндама жасады.

– Семинарда жыл басында Шу-Шығанақ учаскесінің, Жиделі-Бірлік телімінде орын алған қайғылы оқиғаға бай-

ланысты анықталған деректер мен себеп-салдарлары сөз болды. Мұндай оқиғалардың алдын алу мақсатында 29 қаңтар мен 29 ақпан аралығында Жамбыл вагон пайдалану депосы «Ең-



бекті қорғау жөніндегі ерекше жұмыс режиміне» ауыстырылған болатын. Ал 25 қаңтар мен 25 ақпан аралығында Жамбыл бөлімшесінде «Ең бастысы – еңбек қауіпсіздігі» атты өндірістік жарақаттанудың алдын алу шараларын жүргізуге бағытталған айлық жарияланып, ол 27 наурызға дейін ұзартылып, бөлімшеде тиісті жұмыстар жүргізілген еді. Біз орын алған оқиғалардың түпкі себебін

анықтап, кемшіліктер мен озық тәжірибелерді бөлісіп отыруымыз керек. Еңбек жағдайларын жақсарту, тәуекелдерді, қауіп-қатерлерді дұрыс бағалау – өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алуының негізгі жолы, – дейді Медет Қарымбаев.

Жалпы Жамбыл филиалы бойынша қоршаған ортаны қорғау іс-шараларына жеткілікті қаражат бөлініп, ол толық игеріліп отыр. Қоршаған ортаны қорғау инженері Мерей Беделбайдың айтуынша, ҚТЖ бойынша жүргізілген «Батареяны өткіз де кірпіні құтқар» жобасы шеңберінде Жамбыл филиалы бойынша «Эко-РБК»

компаниясымен келісімшарт жасалып, биылғы алты айда 55,5 келі батарея мамандандырылған кәсіпорындарға тегін және ақылы негізде кәдеге жарату үшін берілді. Бөлімшелерде пайдаланылған батареяларды жинауға арналған арнайы жәшіктер орнатылған.

Сонымен қатар металл, пластик шыныларды, қағаз қалдықтарын жинау және қайта өңдеу бойынша тиісті кәсіпорындармен келіссөздер жүргізіліп, бірқатар жұмыстар атқарылған. Жыл сайынғы экология қауіпсіздігі бойынша біліктілікті арттыру курсына 5 жауапты маман оқуға жіберіліп отыр.

Жиында жауапты қызметкерлердің бірінші жартыжылдықта атқарған жұмысы тыңдалып, екінші жартыжылдықтың жоспары бекітілді. Тағы бір айта кететіні, 10, 20, 30 жылдан астам уақыт жазатайым оқиғасыз жұмыс істеген мекемелер анықталып, филиал директорының Алғыс хаты табыс етілді.

Үздік ұжымдардың қатарында 30 жылдан астам уақыт өндіріс жарақатын болдырмай, жазатайым оқиғалардың алдын алу және ескерту бойынша жұмысты тиімді ұйымдастырған Түркістан станциясы тұр. Ал 20 жылда бірде бір өндірістік жарақат орын алмаған Шу станциясын және 10 жыл келедісі оқиға тіркелмеген Сарышаған айналмалы локомотив депосын да атап өткен жөн.

*Суретті түсірген автор*

## КЕРЕКУДЕ ҚЫЗУ ЖҰМЫС



Кереку өңірінде жазғы жол жұмыстары қызған. Бүгінгі таңда Павлодар магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Тасқұдық – Спутник – БП-415 учаскесіндегі ұзындығы 19,3 шақырым жолды күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Астана

Жөндеу жұмыстарын Ағадар машиналандырылған жол дистанциясы жүргізуде, вахталық әдіспен жұмыс істеп жатқан өндірістік құрам қатарында жол бригадирлері, жол слесарлары, пойыз құрастырушылар, сигналшылар, кран машинистері және тағы басқа еңбек адамдары бар.

Жұмысқа екі УК-25 краны жұмылдырылған, бірі ескі рельс пен шпал торкөздерін бөлшекте, екіншісі жаңа темірбетонды шпалдардан құрастырылған рельсті-шпал торкөздерін төсеумен айналысуда, бұл жұмыс су жаңа УК-25/25 кранына жүктелген. Осы арада айта кететін жайт, темір жолдарға жүргізілетін күрделі және тағы басқа жөндеу түрлері бойынша жұмыстардың өнімділігін арттыру

үшін биыл Компания тарапынан УК-25/25 төсеуші краны мен МПК моторлы платформалар сияқты ауыр типті жол машиналары сатып алынууда.

Бүгінде УК-25 кранының 4 бірлігі сатып алынып, оның үшеуі қолданысқа берілген. Ал жоспарланған 8 бірлік МПК моторлы платформаның бүгінде 6-уы жеткізіліп, төртеуі жұмысқа жұмылдырылған. Қалған екі техника жақын күндері зауыттан жеткізіледі деп күтілуде. Ал УК-25/25 кранының алдыңғыларынан басты артықшылығы – жүк көтергіштігі 19 тоннадан 25 тоннаға дейінгі салмақты құрайды, сондай-ақ оны екі адамның орнына бір адам басқара алады және қашықтықтан басқару пульті арқылы жерден басқару мүмкіндігі бар. Ал моторлы платформаның бұрынғылармен салыстырғанда ерекшелігі, басқару кабинасы бар, бұл өз

кезегінде, қызмет көрсетуші персоналдың жұмыс қауіпсіздігін сақтап, еңбек жағдайын жақсартып отыр дейді Магистральдық желі дирекциясының мамандары.

Павлодар магистральдық желі бөлімшесінің маманы Дәурен Қабуллиннің айтуынша, Бозшакөл – Өлеңті учаскесінде 12,057 км жолда күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған, оны мердігер «Темір жол жөндеу» ЖШС қарасты Астана ПМС жүргізген екен. Екібастұз жол дистанциясы бойынша 4 км, Павлодар жол дистанциясы бойынша 17,5 км көлемінде жолды жөндеу жұмыстары аяқталған.

Өңірде жол шаруашылығы жұмысшыларының өз күшімен жоспарланған 61 жиынтық бұрманың 10 жиынтығы ауыстырылған. «Ақсу-1»-де станцияның өткізу қабілетін арттыру үшін техникалық қайта құрылымдау жұмыстары жүргізілуде. Қайта құрылымдаудың 2-кезеңінде темірбетонды негіздегі 5 бағыттағыш жиынтық жолға төселсе, сонымен қатар 4 станциялық жолды ұзарту және 3 жиынтық бағыттағыш бұрма салу жоспарланған.

Алдағы күн жоспарында Павлодар жол дистанциясы қызмет көрсететін Павлодар станциясы бойынша 7,3 км көлеміндегі орташа күшейтілген жол жөндеу жұмыстарын орындау бар. Ал Екібастұз жол дистанциясы бойынша ОП-116 – Шідерті тақ жол учаскесінде 7,3 км көлемінде рельс тіректерін (жаңа темірбетон шпалдарын) толық ауыстыру жұмыстары жоспарланып отыр.



## С ВЕТВЕВЛАДЕЛЬЦАМИ О НАБОЛЕВШЕМ



**Итоги совместной работы за I полугодие 2024 года подвели в Уральском филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актюбинское отделение ГП» на совещании с ветвевладельцами, которое прошло по инициативе инспекции транспортного контроля по Западно-Казахстанской области.**

**Марьяна ПЕРВУШИНА,**  
Уральск

В нем приняли участие руководители региональных филиалов ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актюбинское отделение ГП», АО «Центр транспортного сервиса», станций Уральск, Жилаево, Казахстан, Белес, Пойма и более 30 представителей подъездных путей указанных станций.

Разговор получился напряженный, местами нелепый. В частности, заместитель директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актюбинское отделение ГП» по Уральскому региону Мунар Айтжанов провел детальный разбор нарушений условий содержания ветвевладельцами подъездного пути «Соединительный путь № 11», угрожающего безопасностью движения, – кустовая гниль шпал, отсутствие костылей и подкладок, на основании писем замначальника станции Жилаево Бауржана Исмагулова и главного регионального ревизора департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» на Уральском участке Руслана Давлетова. Также рассмотрели факт допущенного

1 июня события – проезда запрещающего показания сигнала с последующим взрезом стрелочного перевода по станции Уральск частным оператором локомотивной тяги ТОО «KazJolTrans».

По словам начальника ПУ Уральск АО «ЦТС» Каната Мусенова, на доверительное управление предприятию передано шесть путей, по ним ведутся ремонтные работы. Конкретно по 11-му соединительному пути станции Жилаево уже проведена работа по замене шпал в количестве 250 штук. На сегодняшний день ремонтные работы ведутся на станции Казахстан.

По данным РГУ «Инспекция транспортного контроля по Западно-Казахстанской области» (ИТК) за шесть месяцев текущего года по Уральскому региону уменьшилось количество случаев нарушения безопасности движения на железнодорожном транспорте по сравнению с аналогичным периодом прошлого года, крушений и аварий не зафиксировано. Однако допущено 11 случаев нарушения безопасности движения, в том числе 10 инцидентов и один наезд на человека.

– С начала года нами проведено 17 проверок хозяйствующих субъектов в сфере железнодорожного транспорта, в том числе три профилактического контроля с посещением объекта, 12 – без посещения, две внеплановые проверки. Всего субъектов, в отношении которых проведен контроль в соответствии с Предпринимательским кодексом РК, – пять предприятий структурных подразделений АО «НК «КТЖ» и 12 юридических лиц. В ходе проверок выявлено 302 нарушения требований законодательства в сфере железнодорожного транспорта. Закрыто для производства маневровой работы по подаче и уборке вагонов семь подъездных путей, а также 18 стрелочных переводов. Проверено 404 единицы подвижного состава, – отметил в своем докладе главный специалист ИТК Асылбек Садуабаев.

Он также акцентировал внимание на необходимости соблюдения требований законодательства в сфере железнодорожного транспорта, напомнив все законодательные акты, а также о том, что их нарушитель привлекается к административной ответственности.

## БЕЗОПАСНОСТЬ НА ПУТЯХ



**На станции Караганда прошел показательный комиссионный месячный осмотр под председательством главного инженера филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Кайруллы Садвакасова.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

